

3-блок. Жаңа дәуірдегі Қазақстан (XVIII - XX ғ. басы)

3.1 Жаңа замандағы Қазақстан -- 1 сағат

Дәріс жоспары:

1. Қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы ұлт-азаттық күресі
2. Қазақстандағы отарлық дәуірдің басталуы. Әкімшілік реформалау (XVIII ғ. соңғы ширегі – XX ғ. басы)
3. Әлеуметтік-экономикалық жағдай

Қазақстан халықаралық қатынастар жүйесінде. «Ақтабан шұбырынды», «Алқакөл сұлама» жылдары. Ордабасыдағы басқосу. Әбілқайыр ханның біртұтас қазақ әскерінің қолбасы болып сайлануы. Қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы ұлт-азаттық күресі. Бұланты шайқасындағы жеңістің маңызы. Аңырақай шайқасы. Қазақ халқының ұлт-азаттық күресі тарихындағы қазақ батырларының ролі.

Қазақстандағы отарлық дәуірдің басталуы. Азаматтық мәселесі төңірегіндегі келіссөздердің барысы және түрлі саяси топтардың күресі. Абылай сұлтанның дипломатиялық өнері. Қазақстанда Ресейдің әкімшілік-саяси жүйесінің енгізілуі (XVIII ғасырдың соңғы ширегі – XX ғасырдың басы). Кіші және Орта жүздер аумағында барлық билік институттарын реформалау және аумақтық-әкімшілік басқару жүйесін енгізу. Хан билігін жою. Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы (1867 ж.) және Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлықтарының облыстарын басқару туралы (1868 ж.) уақытша ережелердің жүзеге асырылуы. Сот жүйесі мен салық салудағы өзгерістер. Түркістан өлкесін басқару туралы ереже (1886 ж.). Әкімшілік құрылым. Дала облыстарын басқару туралы ереже (1891 ж.). Шекаралық шептердің құрылуы, жерді тартып алу. Әскери-казактық отарлау. XIX ғасырдың 60-90 жж. көші-қон мәселесі. Қауымдық жерлердің экспроприациясы және оның қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына әсері.

Мемлекеттік Думадағы қазақ депутаттарының қазақтың жайылымдық жерлерінің талан-таражға салынуы туралы пікірлері. Көшпелі қазақ ауылының егіншілікке көшу үдерісі. Жатақтық. XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы көші-қон саясаты және столыпиндік жаңғырту. Көшпелі қоғамның әлеуметтік құрылымы. Қазақ көшпелі қоғамының материалдық өндіріс жүйесі. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы. Қазақ көшпелі қоғамының әлеуметтік ұйымдастыру тәртібінің өзгеруі. Қазақ зиялы қауымының қалыптасуы: әлеуметтік құрамы, білімі. Қазақ көпестерінің, саудагерлерінің пайда болуы.

Ұсынылатын әдебиеттер

Негізгі әдебиет:

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3 - том. – Алматы: «Атамұра», 2002. – 768 б.
2. Абусеитова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII веках: история, политика, дипломатия. – Алматы: Дайк-Пресс, 1998. – 592 с.
3. Ерофеева И.В. Хан Абулхаир: полководец, правитель, политик. – Алматы, 2007. – 456 с.
4. Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности кочевнического общества. – Алматы: Горизонт, 1995. – 320 с.

и

5. История Казахстана (Қазақ Елі). Книга 3: Казахстан в условиях колониальной тоталитарной системы. – Алматы: Өнер, 2018. – 265 с.